

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕНБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 158 (9220) | 1953 жылғы 7 август Жұма | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Одақ Советі мен Ұлттар Советінің 1953 жылғы 5 августағы біріккен мәжлісі туралы ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ХАБАР

5 августа, кешкі сағат 7-де, Кремльде, Кремльдің Үлкен Сарайында Одақ Советі мен Ұлттар Советінің біріккен мәжлісі болды.

Председательлік етуші — Ұлттар Советінің Председатели депутат **Ж. Шаяхметов** ССРО-ның 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті туралы және ССРО-ның 1951 жылға және 1952 жылға арналған Мемлекеттік бюджетінің орындалуы туралы баяндама жасау үшін ССРО Финанс

Министрі **А. Г. Зверев** жолдасқа сөз берді.

А. Г. Зверевтің баяндамасынан кейін председательлік етуші күн тәртібінің мәселелерін талқылаудың палаталар қабылдаған тәртібіне сәйкес бюджет комиссияларының қосымша баяндамалары, бюджет бойынша жарыссөз Одақ Советі мен Ұлттар Советінің жеке мәжілістерінде өткізілетіндігін хабарлады.

Осымен Одақ Советі мен Ұлттар Советінің біріккен мәжлісі аяқталды.

Қоғамдық мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыра берейік

Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихи XIX съезі социалистік ауыл шаруашылығын, оның негізгі саласы — қоғамдық мал шаруашылығын бұрынғыдан да өркендетіп, оның өнімділігін арттыра беру жөнінде ауылшаруашылық еңбекшілерінің алдына күрделі міндеттер қойды. «Мал шаруашылығын өркендетудегі негізгі міндет, — деді Г. М. Маленков жолдас партияның XIX съезінде жасаған баяндамасында, — бұдан былай да колхоздар мен совхоздардың қоғамдық малының санын көбейту, онымен бірге оның өнімін мықтап арттыру болып қала береді».

Коммунистік партияның XIX съезінің тарихи қарарларымен жігерленген облысымыздың мал өсірушілері колхоз, совхоздардың қоғамдық мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыруда кейбір табыстарға ие болды. Мұндай алдыңғы қатарлыларға Преснов ауданындағы «Жизнь», «Путь к коммунизму», Совет ауданындағы Каганович атындағы, Соколов ауданындағы Қазақстан атындағы колхоздар мен Мамлют, Тоқшын совхоздары сыяқты шаруашылықтар жатады.

Облысымыздың колхоздары мен совхоздарының қоғамдық мал шаруашылығын мейлінше өркендетіп, оның өнімділігін үнемі арттыра беруге күш-мүмкіншілігі


басқа аудандарда да нашар ұйымдастырылды. 1 августқа дейін облыс колхоздарында шөп шабу жоспары небары 66,4 процент, шөп сүрлеу жоспары 26 процент, ал, совхоздарда шөп шабу жоспары небары 82,8 процент және шөп сүрлеу жоспары 26,7 процент ғана орындалды.

Ал, соңғы кездерде, егін орағы басталысымен көптеген колхоз, совхоздардың басынлары жемшөп дайындауды мүлде тоқтатып қойған. Бұл — төзгісіз жағдай. Жемшөп дайындау жұмысы егін орағымен ұштастырыла жүргізілуге, шөп шабуға, майлауға және оны қыстаулар жанына тасуға арнаулы адамдар бөлініп, олардың бұл жұмыстарда тұрақты жұмыс істеуі қамтамасыз етілуге тиіс.

Машина-трактор станциялары жемшөп дайындауда колхоздарға көмекті бұрынғыдан да күшейтуге міндетті.

Жергілікті партия, совет ұйымдары, ауылшаруашылық орындары, колхоз, совхоздар мен МТС-тердің басшылары қоғамдық мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттырудың басты шарты — берік жемшөп қорын жасауды қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қолдануға, сөйтіп, әрбір колхоз бен совхозда қоғамдық мал басы үшін біржарым жылдық

Егін жыйнау қарқыны күшейтілсін



Шағлы МТС-нің (Совет ауданы) комбайншысы Е. Шрейдер екі шөптер мен рьжикті жыйнауды аяқтағаннан кейін өзінің қос комбайнын «Победа» колхозында сұлы орауға қосты. Суретте: Шрейдер басқарған агрегаттың сұлы орып жүрген кезі. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Жайбарақат отырған басшылар

Калинин атындағы колхозда (Преснов ауданы) егін пісіп, орауға келіп тұр. Колхоздың жыйнайтын егін бйыл жылданғыдан көп. Колхоз басшылары (председателі Құсайынов жолдас) мұны мықтап есте ұстап, егін жыйнау мен астық дайындауға әзірлікті мезгілінде, тыңғылықты аяқтауға міндетті еді. Бірақ, олар жайбарақаттыққа салынып, егін жыйнауға және астық дайындауға әзірлікті дұрыс ұйымдастыра алмады. Осының салдарынан колхозда егін жыйнауға әзірлік жұмыстары күні бүгінге дейін аяқталмай отыр.

Мақсатым — 1200 гектар жердің егінін жыйнау

Мен Чкалов атындағы колхозда бйыл төртінші жыл егін жыйнаймын. Осы 4 жыл бойына бір комбаймен жұмыс істеп келемін. Бйыл да комбайнды егін жыйнауға жақсы әзірледім. Бірақ, мұнымен іс бітпейді. Егін жыйнауға табысқа жетудің басты шарты — комбайнды жоғары техникалық күтімде ұстап, оны толық қуатымен жұмысқа қосу. Мен комбайнды үздіксіз жұмысқа қосып, онымен егінді тез және ысырапсыз жыйнаудың шараларын мұқтаж жүзеге асырып отырамын.

Мен Чкалов атындағы колхозда бйыл төртінші жыл егін жыйнаймын. Осы 4 жыл бойына бір комбаймен жұмыс істеп келемін. Бйыл да комбайнды егін жыйнауға жақсы әзірледім. Бірақ, мұнымен іс бітпейді. Егін жыйнауға табысқа жетудің басты шарты — комбайнды жоғары техникалық күтімде ұстап, оны толық қуатымен жұмысқа қосу. Мен комбайнды үздіксіз жұмысқа қосып, онымен егінді тез және ысырапсыз жыйнаудың шараларын мұқтаж жүзеге асырып отырамын.

Агрегаттың өнімді жұмыс істеуіне колхоздың өндірістік бригадалары үлкен көмек көрсетеді. Олар агрегатты қажетгі адамдармен жеткілікті қамтамасыз етті. Комбайн бункерлерінен астық алуға күш қолданып, табысқа жетудің басты шарты — комбайнды жоғары техникалық күтімде ұстап, оны толық қуатымен жұмысқа қосу.

Темір жол транспортында

Жаңа табыстарға жете береміз

Петропавл жол бөлімшесінің коллективі теміржолшылардың бүкілодақтық мерекесін үстіміздегі жылы лайықты табыстармен қарсы алып, атап өтті. Жүк тасымалының мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындау, жылжымалы составтың айналымын тездету, бүкіл бөлімше кәсіпорындары жұмысының жоғары өнімді болуын қамтамасыз ету жөнінде бірқатар жоғары көрсеткіштерге қол жетті. Мұның өзі теміржолшылардың арасында мереке күрметіндегі социалистік жарыстың кеңінен өрістетілуінің нәтижесі болып табылады.

Жол бөлімшесінде бесінші бесжылдық жоспарды ойдағыдай орындау жолындағы күрестің барысында стахановшылардың қатары да көбейе түсті. Мәселен ауыр составтарды алып жүруші машинистердің көпшілігі кәзіргі уақытта өз локомотивтерінің тәуліктік жүріс жылдамдығын нормадағыдан етәуір арттыра отырып, ауыр жүк тиелген составтардың өзін ойдағыдай алып жүрде.

Сонымен қатар, бөлімшеде барлық техникалық мүмкіншіліктерді пайдалану жолындағы социалистік жарыс өзінің игі нәтижесін беріп отыр. Мұндай игі істің инициаторы — таңдаулы диспетчер Родин жолдас бөлімшенің үлестерінен составтардың көптен өткізілуі ісіне келеді үлес қосты.

Осындай қажырлы еңбек пен игілікті бастамалар жол бөлімшесі қызметкерлерінің бұдан былайғы жерде де жоғары табыстарға жете беруге толық мүмкіншіліктері бар екенін айқын дәлелдейді. Мәселе қол жеткен табыстарды баянды ете отырып, еңбек өнімділігін арттыра түсу үшін табысқа жетудің негізгі шарты — социалистік жарысты оған сайын кеңінен өрістетуде болып отыр.

Бірақ атап айта кету қажет, бөлімшенің кәсіпорындарының бірқатарында социалистік жарысты ұйымдастыруда формальділікке жол беріледі. Мұның өзі мемлекеттік тапсырмалардың кезінде орындалуына нұқсан келтіріп жүр.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Егін жыйнау және астық дайындау жұмысына партия басшылығын жақсартта береміз

СОКП XIX съезі бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларда егін шаруашылығына агрономиялық мәдениетті батыл енгізіп, оны механикаландыру, сөйтіп, егіннің барлық көлемінен мол өнім алу міндеттерін қойды. Бұл міндеттерді аброймен орындау күресін ұйымдастыру—колхоз бастауыш партия ұйымдарының ардақты борышы болып табылады.

Біздің колхоздың бастауыш партия ұйымы партияның XIX съезі қарарларын басшылыққа ала отырып, колхоздың егіс алаңын кеңейтіп, одан мол өнім алуға бағытталған бірқатар жұмыстар жүргізді. Демек, колхозшылар бұқарасын егінді деркесінде және агротехникалық жоғары дәрежеде егу, оны байтап күту ісіне жұмылдыра білді. Сөйтіп, егіннің бітік шығуына жетісті.

Колхоз бастауыш партия ұйымының есебінде 27 коммунист бар. Олар тікелей шаруашылық жұмыстарда істейді. Көптеген коммунистер өндірісте еңбек үлгілерін көрсетіп, авангардтық роль атқаруда. Тракторшы С. Байбатыров, сауыншы Б. Нұғманова, ұста Иманқұлов сыяқты коммунистер тапсырманы үнемі артығымен орындайды. Ал, партия ұйымы бұлардың іс тәжірибесін көпшіліктің игілігіне айналдыру жұмысымен шұғылданып отырады.

Колхоз егін орағына ерте дайындалып, оны орауға ұйымшылдықпен кірісті. Үстіміздегі жылы біздің колхозда 4 комбайн жұмыс істейді. Бұл комбайндардың график бойынша тоқтаусыз жұмыс істеуі үшін барлық жағдай жасалды. Партия ұйымы әр агрегатқа ұйымдастыру жұмысын жүргізу үшін төрт коммунист бөлді. Олар өздеріне жүктелген міндетті іс жүзінде орындап, агрегаттың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етіп келеді.

Үгіт-бұқаралық жұмысына көңіл бөлінбеген жерде

Коновалов МТС-і— Октябрь ауданындағы техникалық күші мол, маман кадрлары жеткілікті үлкен МТС-тердің бірінен саналады. Оның кең мастерскойында комбайн, трактор және басқа ауылшаруашылық машиналарын жөндеп жатқан ондаған механиктерлердің күн сайын кездестіруге болады. Бұлардың көпшілігі өндіріс озаттары.

МТС механиктерлері алдыңғы қатарлы өндіріс озаттарының жұмыс тәжірибелерін көпшіліктің игілігіне айналдырып, өздерінің идеялық-саяси білімдерін көтергісі келеді. Жұмыстан бос уақыттарында

Мемлекетке астық тапсыру міндетін әрбір бес күн сайын үлгілі орындап отырудың зор маңызы бар. Бұл күндері біздің колхоздың алғашқы астығы мемлекет қоймаларына тапсырылуда. Партия ұйымы бұл жұмысты басқаруды коммунистер: Нұрғалиев, Қалиев, Қоспанов жолдастарға жүктеді. Бұлар комбайннан келген астықты қабылдап алу, оны қырман басында тазарту жұмыстарына өздері тікелей қатысады.

Колхозшылар астық кентіру және оны тазарту жұмыстарын ешбір бөгетсіз жүргізіп отыру мақсатын көздеп, жаңадан екі жабық қырман салды. Жабық қырманның жеткілікті болуы астықтың бүлінбей, деркесінде қабылдау пунктіне өткізіліп тұруына ойдағыдай мүмкіндік туғызды.

Егін жыйнау кезінде бастауыш партия ұйымының баса көңіл бөлетін мәселесінің бірі—егіншілердің социалистік жарысын ұйымдастыру, онда қабылданған міндеттемелердің орындалуын бақылап отыру. Біздің партия ұйымы егіншілердің социалистік жарысын ұйымдастырды. Сонымен қатар әрбір бес күн сайын жарыстың орындалу қорытындысын шығарып отыратын болды. Ол қорытындыны бригадалар мен трактор отрядының өндіріс жыйналыстарында талқылауды әдетке айналдырып, Әріке, бұл егіншілердің еңбекке деген ынта-жігерін арттыра түсуде.

Егіншілер арасында үгіт-бұқаралық жұмысын жақсарту үшін үгіт коллективі қолынан іс келетін тәжірибелі коммунистермен қайта толықтырылды. Олар мәдениет қостары мен трактор отрядтарында үгіт-бұқаралық жұмыстарын жүргізеді. Қабырға газеттерін шығарады, онда еңбек озаттарының тәжірибесін жазып, оны көпшіліктің игілігіне айналдырады. Өз жұмысына нәмісқайы қарайтын, күнделікті

жұмыс нормасын орындамайтын жекелеген адамдарды газет бетінде сынта алады. Мұнымен бірге үгітшілер коллективі егіншілерге газет, журналдардан мақалалар оқып тұрады. Өздерінің жұмыс жоспары бойынша өңгімелер өткізеді.

Партия ұйымы колхоз басқармасының жұмысына бақылау жасап, оған бағыт беріп тұрады. Партия ұйымының жаңы жыйналысында шаруашылық мәселелері жиі қаралады, колхоз басшыларының баяндамалары тыңдалады. Шаруашылыққа партия басшылығын жақсарту шаралары белгіленеді. Жыйналыста коммунистер шаруашылыққа басшылық етуде орын алған кейбір кемшіліктердің бетін ашып, оны жоюға бағытталған бағалы ұсыныстар жасайды. Мәселен, жақында болып өткен бір жыйналыста егін жыйнау мен астық дайындауға әзірліктің барымы туралы мәселе талқыланып, бұл жөнінде басқарма мүшелерінің есебі тыңдалды. Жыйналыста қырдандардың астық қабылдауға әзір емес екендігі және кейбір машиналардың жөндемегені айтылды. Коммунистер бұл кемшіліктерді жою шараларын белгіледі, колхозшыларға іс жүзінде көмектесті. Сонымен қырдандар да, машиналар да егін орағына әзір етілді. Біз мұндай практиканы әрдайым қолданып отырамыз.

Біздің колхоз бастауыш партия ұйымының көздеп отырған мақсаты—егінді қысқа мерзімде, ысырапқа ұшыратпай жыйнап алу, мемлекетке астық тапсыру жоспарын табысты орындап, абройға ие болу. Біз бұл мақсатымызды сөз жоқ орындап шығамыз.

Қ. ҚАНАФИН,

Булаев ауданы, Ленин атындағы колхоздың бастауыш партия ұйымының секретары.

адам жұмыс істейтін мастерскойға радиоточка да орнатылмаған.

Страхов жолдас үгіт-бұқаралық жұмысты оқта-текте, тек аудандық партия комитеті тапсырған уақытта ғана жүргізеді. Соңғы үш айдың ішінде Страхов МТС мастерскойында небары бір-ақ рет болды.

МТС-те қабырға газеттері мен жауынгерлік листовкалар уақытылы шығып тұрмайды. Онда сын мен өзара сын, өндіріс озаттарының тәжірибелері, күнделікті саяси-шаруашылық жұмыстардың орындалуы сыяқты негізгі мәселелер өте аз жа-

бірқатар трактор бригадалары мен өздігінен жүретін шөп машиналарында жұмыс істейтін механизаторлар өздерінің күнделікті жұмыс нормаларын орындай алмай жүр.

МТС қамтуындағы колхоздарда егін жайқалып пісіп келеді. Ол басшылардың найқалуын күтпейді, демек, аз уақыттың ішінде жыйнап алуы керек етеді. Солай бола тұрса да, МТС-тің егін орағына әзірлігі маз емес. Осы уақытқа дейін 56 комбайнның 11-і күрделі жөндеуден өтпей, мастерскойдың қасында тұр.

Қазақстан КП аудандық комитетінің



Петропавл вагон жөндеу депосындағы күрделі жөндеу цехының қаңылтыршысы П. Қарасев жолдас еңбек озаты болып саналады. Ол күн сайын еңіжарым норма орындап, жас жұмысшыларға үнемі көмек көрсетіп отырады.

Суретте: Қарасев жолдастың жұмыс істеп тұрған кезі.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Туристер экскурсияға барады

«Локомотив» ерікті спорт қоғамының аудандық Советі теміржолшы туристер мен альпинистер үшін путевкалар алды. 20 күндік маршрутпен туристер жолдамасы белсенді физкультурашыларға беріледі.

Байланыс дистанциясының монтері Прокопьев Рица өзеніне экскурсияға жүріп кетті. Паровоз депосының комсомол ұйымдастырушысы Токарев Сочиге барады.

Слесарь автоматшы жеңіл атлетик В. Пономарев И. В. Сталиннің өмірімен және қызметімен танысу үшін экскурсияға баруға дайындалып жүр.

Сол сыяқты, Алматыдағы альпинистер лагеріне бару үшін келген жолдамалар да ерікті спорт қоғамының ең таңдаулы спортшыларына беріледі.

Колхоз кітапханасы

Чапаев атындағы колхоздың (Октябрь ауданы) кітапханасы колхозшылардың сүйікті орны. Мұнда колхозшылардың мәдениетті дем алуы үшін қажетті жағдай жасалған. Кітапхана газет, журналдар алғызып отырады, кітаптармен, радиоқабылдағышпен, дойбы және басқа да мәдени құралдармен жабдықталған.

Кәзір кітапханада 1500 дана кітап бар. Үстіміздегі жылы кітапхананың кітап қорына 6 мың сомның жаңа кітаптары қосылады.

Кітапхана меңгерушісі Садуақасов

Кореядағы уақытша бітім жөніндегі соғыс комиссиясының мәжлісінде

ПЕКИН, 5 август. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Кэсоннан былай деп хабарлады:

Уақытша бітім жөніндегі соғыс комиссиясының бүгінгі мәжлісінде Біріккен Ұлттар командованиясінің өкілі 4 августа сағат төртжарым кезінде Біріккен Ұлттар командованиясінің қарусыз 34 адамы және екі жүк машинасы уақытша бітім туралы келісімді бұзып, Пйоруга жақын жерде соғыс демаркациялық шебінен өткендігін мойындады.

Екі жақтың комиссиядағы аға мүшелері екі жақтың қатышылары арқылы

бұл жағдай жөнінде уақытша бітім жөніндегі соғыс комиссиясына арнаулы баяндама тапсыруға келісті.

Осы мәжілістің өзінде корей-қытай жағы уақытша бітім туралы келісімнің екі рет бұзылғанын Біріккен Ұлттар командованиясінің өкілдеріне ескертті. Ол бұзушылықтар мыналар: 3 августа Біріккен Ұлттар командованиясінің соғыс самолеттері Кэсон ауданындағы Сонхэ үстінен сағат 4-ке жақындаған кезде және кешкі сағат 6-ға жақындағанда Хани мен 86 біліктік үстінен ұшып өткен.

Қызыл крестің аралас тобының Солтүстік Кореяға жүріп кетуі

ПЕКИН, 5 август. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі 4 августа Кэсоннан мынаны хабарлады:

Бүгін түстен кейін Қызыл крестің аралас тобы корей Халық армиясы мен Қытай Халық Республикасы Қызыл крест қытай халық еріктілерінің бақылауындағы соғыс тұтқындары лагерлерінде болу үшін Кэсоннан Солтүстік Кореяға жүріп кеткен.

Бұл топ лагерлерден соғыс тұтқындарын ауыстыру пункттеріне дейінгі

жол бойында соғыс тұтқындарына көмек көрсетіп отыратын болады.

Бұл топтың құрамында Корей Халық-Демократиялық Республикасы мен Қытай Халық Республикасы Қызыл крест қоғамдарының 30 өкілі және Біріккен Ұлттар қарулы күштерінің құрамына өздерінің әскерлері кіретін елдердің Қызыл крест қоғамдарының 30 өкілі бар.

Қызыл крестің аралас тобының Паньмыньчжондегі мәжлісі

ПЕКИН, 5 август. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі 4 августа Кэсоннан былай деп хабарлады:

Кеше таңертеңгі сағат 10-да елдеріне қайтарылатын соғыс тұтқындарына жәрдем көрсету жөніндегі Қызыл крест аралас комиссиясының бірінші мәжілісі болды.

Екі жақтың өкілдері соғыс тұтқындарын ауыстырудың алғашқы күні Қызыл крестің Паньмыньчжондегі аралас тобына корей-қытай жағының өкілінің

председатель болуына келісті. Бұл топтағы екі жақтың өкілдері соғыс тұтқындарын елдеріне қайтаруға көмек көрсету мақсатында тең мүшелері бар екі көмекші топқа бөлінеді: бір көмекші топ соғыс тұтқындарын қабылдайтын корей-қытай пунктіне болса, екіншісі—Біріккен Ұлттар жағының пунктіне болады. Соғыс тұтқындарын ауыстырудың алғашқы күні корей-қытай өкілдері екі көмекші топқа да председателдік ететін болады.

Франциядағы ереуіл қозғалысы

ПАРИЖ, 5 август. (СОТА). Кеше жаппай еңбек конфедерациясына, христиан еңбекшілерінің француз конфедерациясына кіретін коммуналдық мекемелердің мемлекеттік қызметшілер кәсіподағының және автономиялық кәсіподақтарының шақыруы бойынша бүкіл Францияда үкіметке «ерекше өкілдік» беруге қарсы наразылық білдіру ретінде мемлекеттік және коммуналдық мекемелерде жұмыс уақытша тоқтатылды. Үкіметтің «ерекше өкілдік» өкімет орындарының жәрдем алуға жету жасын ұлғайтып, қызмет уақытын ұзарту арқылы мемлекеттік қызметшілердің праволарын бұзу ниетімен байланысты болып отыр.

5 августа «мемлекеттік қызметшілер ісі жөніндегі таңдаулы советтің» (үкімет органының) мәжілісінің өткізілуіне байланысты наразылық науқанын 4 августқа қалдырды. Осыған байланысты «Форс увриер» кәсіподағының басшылығы наразылық науқанына қатысудан бастартты. Мұнда ол толығырақ мәлімет күтеміз деген желеуді бетке ұстайды.

Оңшыл-социалистік кәсіподақ басшылығының бұл айласына қарамастан, алдың-ала мәліметтерге қарағанда, жұмыс толығымен тоқтатылған.

Франс Пресс агенттігі Париж қаласының Нантер, Обервилье, Витри, Иври, Вилькионф және басқа аудандарында санитарлық қызметкерлердің жұмысшылары, почтаның, телеграфтың және телефонның қызметшілері ереуілдер жасағанын хабарлады. Көптеген қалаларда үкіметтің «ерекше өкілдіктеріне» қарсы наразылық ретінде муниципалитеттер жабылды. Байланыс қыз-

күніне-күні жаңалық хабарларды естіп отыруға құмартады.

Ал, осындай үлкен МТС-те механизаторларды мәдениетті қамтуға бағытталған қандай жұмыстар жүргізілді? Үгіт-бұқаралық жұмыстың жайы қандай?

МТС-тегі механизаторлар арасындағы үгіт-бұқаралық жұмысының барысы тоз-гісіз. МТС директорының саяси жұмыс жөніндегі орынбасары Страхов жолдас механизаторлар арасында саяси-тәрбие жұмыстарын жүргізу сияқты өзінің негізгі жұмысын естен шығарған.

МТС-те оқу үйіне бөлінген арнаулы бөлме бар. Ол бөлменің тек оқу үйі деп аталғаны болмаса, одан жаңа газет, журналдарды, түрлі саяси, көркем шығармаларды тауып алу өте қиынға түседі. Оның үстіне бұл оқу үйін МТС-тің бас механигі Гришковский жолдас өзіне кабинет етіп алған. МТС-тегі екі радио-қабылдағыштың біреуі Страховтың кабинетіне, екіншісі диспетчердің кабинетіне орнатылған. Осы уақытқа дейін ондаған

зсылады. Ал, газет бетінен анда-санда ғана көрінетін сын мақалаларға МТС басшылары көңіл аудармай келеді. МТС қамтуындағы 7 колхоздағы 16 трактор отрядында да істің жайы дәл осындай.

Еналдымен МТС бастауыш партия ұйымының партиялық-ұйымдық және саяси-тәрбие жұмыстарының дәрежесі төмен. Коммунистердің өндірісте авангардтық ролі байқалмайды. Өйткені, бастауыш партия ұйымы коммунистерге идеялық-саяси тәрбие берумен аз шұғылданады. Олардың саяси білімін көтеруіне тиісті дәрежеде қамқорлық жасамайды.

Механизаторлар арасындағы социалистік жарысты өрістету жұмысына партия ұйымының басшылығы нашар. Бригадалар мен трактор отрядтары арасындағы социалистік жарысқа әр бескүндік сайын қорытынды жасалып, ол өндіріс жыйналыстарында талқыланып отырылмайды.

Үгіт-бұқаралық жұмыстың өз дәрежесінде жүргізілмеуі МТС алдындағы саяси-шаруашылық міндеттерді орындауға да керісінше әсерін тигізуде. Бұл күндері

Үгіт және насихат бөлімінің меңгерушісі Телюк жолдасқа МТС-тегі саяси жұмыстың жайы көптен мәлім. Амал не, аудандық партия комитеті МТС механизаторлары арасында үгіт-бұқаралық жұмыстарды жақсартуға бағытталған нақтылы шаралар белгілемей келеді.

Коммунистік партия еңбекшілерді идеялық саяси жағынан тәрбиелеу ісіне ерекше маңыз беріп, оған күнбе-күн қамқорлық көрсетіп отыр. СОКП XIX съезі партия ұйымдарынан идеологиялық жұмыс дәрежесін онан сыйын жақсартуды талап етті. Сондықтан партия ұйымдары әрбір коммунисті және партияда жоқ барлық кадрларды идеялық-саяси жағынан тәрбиелеу жөнінде күрделі жұмыстар жүргізуге міндетті.

Механизаторлардың идеялық-саяси білімін көтеріп, оларды саяси-шаруашылық міндеттерді орындауға жұмылдыру кезек күттірмейтін мәселе екенін Коновалов МТС-нің басшылары естен шығармаулары керек.

А. ЖОЛДЫҒАРИН,
(Өз тілшіміз).


жолдас кіші оқушылар мен комсомолдардың тілегіне сай жұмыс істеп отырады.

М. МҮСИН.

Жексенбіліктің нәтижесі

Бұлаев ауданындағы Сталин атындағы колхозда екі рет жексенбілік өткізіліп, оған комсомолдар, колхозшылар және оқушылар қатыстырылды. Жексенбілікке қатысушылар екі күн ішінде 19 мая пішен үйіп, мал азығын дайындауда колхозға үлкен көмек көрсетті. Әсресе, А. Оспанов, А. Шежрин, О. Қазенов жолдасар және басқалары шөп маялауда ерекше қажырлы еңбек етті.

М. ЗАҒЫПАРОВ.



ФУТБОЛ

Петропавлдықтардың жеңісі

Солтүстік облыстар зонасы бойынша футбол ойынынан Қазақ ССР-нің кубогін алу жарысына қатынасу үшін Петропавл қаласына бес облыс (Ақмола, Көкшетау, Қостанай Петропавл және Қарағанды) футболшылары жыйналды.

Алғашқы ойын 5 август күні Қарағандының «Шахтер» және петропавлдық «Электрик» командалары арасында басталды. Қаланың ең жақсы стадиондарының бірі — «Электрик» стадионы ойынды көруге келген қала жұртшылығына лық толды. Алаң орталығына шығып, гүл алысқан спортшыларды көрушілер қол шапалақтап қарсы алды.

Төртінші ысқырығынан кейін ойын шапшаң қарқынмен басталып кетті. Алғашқы минуттардың өзінде-ақ петропавлдықтар қонақтар қақпасына күшті шабуыл жасады. Бірақ, қақпашының шебер ойнауы арқасында есеп ашуға мүмкіншілік ала алмады. Содан кейін, екі жақ та кезек-кезек шабуылға шықты. Екі қақпаға да талай рет дәлден ұрылған хауіпті доғтар төнді. Сөйткенмен де, ойынның бірінші жартысы есеп аша алмады.

Үзілістен кейін ойынның екінші жартысы қонақтардың қатты шабуылымен басталды да, алғашқы минуттың өзінде-ақ алаң иелерінің қақпасына бірінші доп өтті. Есеп ашқан қарағандылықтар инициативаны өз қолдарында ұстап тұрмақ болып, қарқындарын бұрынғыдан да үдетіп жіберді. Ал, оның есесіне есепті теңемек болған петропавлдықтар да ойынға жаңа қарқын тугызумен жауап берді. Сөйтіп, ойын барған сайын қыза түсіп, көруші жұртшылықты қатты толқытумен болды.

20 минут уақыт өткенде ойламаған жерден шебер комбинация жасаған алаң иелері қонақтар қақпасына тез жақындап қалды. Кезенді жерге келгенде дәл тебілген допты қақпашы ұстап үлгері алмай қалды. Содан кейін, 10 минут өткен соң ойыншы Шабанов жолдас қонақтар қақпасына екінші топты өткізді.

Оқытушылардың август конференциясын жақсы әзірлікпен өткізетін болайық

Жаңа оқу жылы басталуға көп уақыт қалған жоқ. Кәзір барлық жерлерде дерлік жаңа оқу жылына әзірлік жұмыстары қызу жүргізілуде. Көптеген оқытушыларымыз өздерінің білімін көтеру ісімен шұғылданауда.

Қазақстан Оқу министрлігінің бұйрығына сәйкес августтың 26-нан 29-на дейін облысымыздың барлық аудандарында оқытушылардың август конференциясы өткізіледі отыр. Конференцияда негізгі екі мәселе — партияның XIX съезінің қарарларын жүзеге асыру жөнінде мектептердің өткен оқу жылында істелген жұмыстарының қорытындысы, мектептердегі комсомол және жасөспірім ұйымдарының жұмысы туралы мәселелер қаралады.

Оқытушылардың август конференциясы өткен оқу жылында кездескен қиыншылықтар мен жол берілген кемшіліктердің бетін ашып, жаңа оқу жылында істелетін жұмыстардың нақтылы шараларын белгілейді. Сондықтан халық ағарту орындары конференцияға алдын-ала барлық жағынан тыңғылықты әзірленіп, оның идеялық жоғары дәрежеде, сын және өзара сын кеңінен өрістетілген жағдайда өткізілуін қамтамасыз етулері керек.

Өткен оқу жылының қорытындыларын партияның XIX съезінің қарарларын басшылыққа ала отырып, облыс мектептерінің оқу-тәрбие жұмысын жақсартуда ай-

тарлықтай жұмыстар істегенін көрсетті. Сонымен бірге, өткен оқу жылында мектептердің жұмысында бірқатар кемшіліктерге де жол берілді. Ең алдымен облысымызда жалпыға бірдей жетілдірудің міндетті оқу заңы толық орындалмады. Кейбір мектептерде оқу жылы басталғанда оқу жасындағылардың мектептен тыс қалып қонына жол берілсе, оқу жылы ішінде 774 оқушы оқуды тастап кетіп қалды.

Сол сияқты, оқу сапасын жақсарту ісінде де едәуір кемшіліктер байқалды. Жазғы емтиханға жіберілген 63.387 оқушыдан 6.778 оқушының күзгі сынға, 5.686 оқушының бір класта екінші жыл оқуға қалып қойғандығының өзі-ақ өткен оқу жылында оқу-тәрбие жұмысының сапасы өз дәрежесінде болмағандығын көрсетеді.

Міне, август конференциясында бірінші мәселе бойынша баяндама жасаушы оқу бөлімдерінің меңгерушілері жоғарыда көрсетілген кемшіліктердің орын алу себептерін, жаңа оқу жылында ол кемшіліктерді қайталамау жолдарын ашып көрсетулері қажет. Конференцияға қатысушылар сын мен өзара сынды кеңінен өрістетіп, оқу бөлімдері тарапынан мектептердің жұмысына басшылық етуінде кездесіп келген кемшіліктерді қатты сынаулары, сонымен бірге, оқу сапасын жақсартудағы

қол жеткен табыстары мен өздерінің бай тәжірибелерін ортаға салулары керек.

Август конференцияларының нәтижесі болуы үшін секция жыйналыстарын дайындаумен ойдағыдай өткізудің зор маңызы бар. Сессияда әрбір класс және жеке пән оқытушылары арасынан бөлінген алдыңғы қатарлы оқытушылардың жасайтын баяндамалары әдіс жағынан дұрыс, ғылыми негізде дайындалуға тиіс. Ол үшін баяндамашыларға баяндама жасау үшін берілетін тақырыптар 10-15 августтан кешіктірмей тапсырылуы керек.

Оқу бөлімдері баяндамашылар мен мектеп басшыларының басқосқан жыйналысын шақырып, оларды конференцияны өткізу жоспарымен таныстыруға міндетті. Ал, мектеп басшылары мұғалімдердің конференцияға толық әзірлікпен келуіне жете көңіл бөлуге тиіс.

Оқытушылардың август конференциясына барлық жағынан тыңғылықты әзірленіп, оны идеялық жоғары дәрежеде, сын мен өзара сын үстінде өткізетін болайық. Сөйтіп, оқу-тәрбие жұмысының сапасын жақсарту жөнінде конференцияда белгіленген шараларды жаңа оқу жылында мүлтіксіз жүзеге асырайық.

А. СЕЙІТБЕКОВ,

Облыстық оқу бөлімі меңгерушісінің орынбасары.

та оңайу белгіленген болатын. Аланда, метерлері арасында наразылық ереуі күтпеген жерден үкмет бұл мәжілісті 7 лі мейлінше кең өрістеді.

ТҮРКИЯДАҒЫ СОҒЫС ҚҰРЫЛЫСЫ

СОФИЯ, 5 август (СОТА). Болгарияның телеграф агенттігі былай деп хабарлады:

Түріктің «Джумхуриет» газетінің хабарына қарағанда түрік меджлисі заң қабылдаған. Ол заң негізінде Түркиядағы соғыс құрылысына 2.439.000 фунт стерлинг қаржы жұмсалатын болады. Бұл соманың біраз бөлегін Түркияға Солтүстік-Атлантика одағы береді. Соғаның барлығы негізінен әуе-соғыс күштерінің қажетіне жұмсалады. Түр-

кияда аэродромдар, сұйық жанар майды сақтайтын қоймалар және басқа соғыс құрылыстары салынады.

Газет таяудағы жылдар ішінде Түркияда жаңа соғыс-теңіз базаларының құрылысы басталады деп жазады.

Сол сияқты, Қара теңіздің жағасында ірі соғыс-теңіз базаларын салу көзделіп отыр. Ол базалар Орта теңіз жағаларымен темір жолдар және тас жолдар арқылы байланыстырылатын болады.

БРАЗИЛИЯДАҒЫ ҚЫМБАТШЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚОЗҒАЛЫС

МОНТЕВИДЕО, 4 август. (СОТА). Бразилияның «Импренса популар» газетінің хабарына қарағанда, бүкіл елде азық-түлік және көпшілік тұтынатын товарлардың бағаларының арттырылуына қарсы наразылық білдіру митингтері, демонстрациялары және жыйналыстары өткізілуде. Кәсіпорындарында, кәсіподақ ұйымдарында және жұмысшы аудандарында қымбатшылыққа қарсы

күрес комитеттері құрылуда. Қымбатшылыққа қарсы, деп жазады газет, сол сияқты, бұл қозғалысқа қатысушылардың бірінші конгресін шақыру жөніндегі қозғалысты жұртшылықтың көптеген өкілдері, саяси қайраткерлер, кәсіподақ және әйелдер қозғалысының басшылары, федералдық конгрестің депутаттары және муниципалдық кеңесшілер қолдауда.

ГРЕЦИЯДА ҚЫМБАТШЫЛЫҚТЫҢ ӨСУІ

СОФИЯ, 4 август. (СОТА). Болгарияның телеграф агенттігі Эдлас Пресс агенттігінің хабарына сүйеніп отырып, Грецияның арнаулы қамсыздандыру министрлігі жанындағы консультация-

лық советтің дәрі-дәрмекке жаңа преискурант жасағандығын, бұл преискурантқа сәйкес Грецияда дәрі-дәрмектің бағаларының жаңадан 20-25 процент көбейтіледігін хабарлады.

ИТАЛЬЯН МҰНАЙШЫЛАРЫ КҮРЕСІНІҢ ТАБЫСЫ

РИМ, 5 август. (СОТА). «Унита» газеті бүкіл Италияда мұнай өнеркәсібінің 30 мың еңбекшісінің коллективтік жаңа шарт жасау жөніндегі күресі табыспен аяқталғандығын хабарлайды. Бұл шартқа қол қою өздерінің Италиядағы кәсіпорындарында американдық үлгідегі шарттарды өткізгісі келген бірқатар ірі-ірі американдық мұнай компа-

нияларының қайлаларын жүзеге асырмай тастады. Жаңа коллективтік шарт жалақыны арттыруды және жұмыс нормалары сапасында едәуір жеңілдіктер беруді көздейді.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЕЗГІДЕ»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

Жазғы КИНОТЕАТРАДА

«ИМПЕРАТОРДЫҢ НАН ПІСІРУШІСІ»

Сеанстар сағат 8-10-да басталады.

Петропавл қаласы, Дзержинский көшесі, 90-үйде тұрушы Рәшит Абдулұлы Хисматуллин Майшөкәр Хисматуллинадан (ол да сол үйде тұрады) айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 1-участоктік халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, **ТЕЛЕФОНДАР:** редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.